



XҒТАР 17.82.94

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-152-3-133-144>

Деколониялық дискурс және гендерлік репрезентация

Е.С. Адаева 

Назарбаев Университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: yermek.adayeva@nu.edu.kz)

Аңдатпа. Деколонизация мен гендер мәселесін тоғыстыра қарастыру – қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі жаңа зерттеу бағыттарының бірі. Өйткені қазақ әдебиетіндегі деколониялық үдерісті гендерлік қырын ескермей толық түсіну мүмкін емес. Гендерлік репрезентацияны ұлттық сана мен отарсыздандырудың ажырамас бөлігі ретінде қарастыру арқылы ғана біз әдебиеттегі еркіндік, жеке тұлғалық даму, әлеуметтік әділеттілік т.б. айқындай аламыз. Сондай-ақ бұл бағыттағы зерттеулер қазақ қоғамындағы мәдени жаңғырудың маңызды алғышарты болмақ. Бұл мақалада қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесінің трансформациясы деколониялық бағыт, деколониялық гендерлік талдау, феминистік көзқарас тұрғысынан қарастырылады. Кеңес мемлекеті гендерлік компонентті отарлық үстемдіктің жұмыс істеуі мен заңдылығын қамтамасыз етудің негізі ретінде пайдаланғандығы талданады. Қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесін деколониялық феминизм тұрғысынан қарастыру оның тарихи, әлеуметтік және мәдени контекстегі орнын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл көзқарас қазақ әйелінің отарлық және постотарлық кезеңдердегі рөлін, Кеңес үкіметі жүргізген гендерлік саясаттың ықпалын және қазіргі заманғы феминистік дискурстағы орнын талдауға көмектеседі. Осы орайда мақалада қазақ әйелдері бейнесінің репрезентациясы жергілікті ерекшеліктер ескеріле отырып зерттеледі. Бұл тәсіл патриархат пен отаршылдықтың тоғысуын, олардың қазақ әйелінің әлеуметтік жағдайына әсерін, олардың болмысындағы өзгерістерді түсінуге септігін тигізеді. Сонымен қатар қазіргі қоғамдағы гендерлік теңдік мәселелерін тереңірек ашуға мүмкіндік беретіні сөз болады.

Түйін сөздер: қазақ әйелі, деколониялық әдіснама, постколониализм, феминизм, гендерлік теңдік, кеңес үкіметі, дискурс.

Түсті: 09.08.2025; Жөнделді: 20.08.2025; Мақұлданды: 18.09.2025; Онлайн қолжетімді: 25.09.2025

Кіріспе

Қазақ әдебиетінің кеңестік кезеңдегі мұрасын бүгінгі тәуелсіздік дәуірінің көзқарасы тұрғысынан жаңаша зерделеу – бүгінгі әдебиеттанудағы өзекті арналардың бірі. Кеңес дәуірінде жазылған шығармалар ұлттық әдебиеттің дамуына өзіндік үлес қосқанымен, олар сол уақыттың саяси-идеологиялық талаптарына тәуелді болды. Мұндай шығармаларда отарлық дискурстың сипаты түрлі қырынан көрініс тауып, ұлттық болмыс кеңестік идеология тұрғысынан қайта пайымдалды. Сондықтан көркем мәтінге постотарлық, деколониялық(бейотарлық) тұрғыдан талдау жасау – қазіргі қазақ әдебиеттануындағы маңызды әдістемелік бағыт болып табылады. Бұл екі ұғым бір-бірімен тығыз байланысты, алайда олардың арасында айырмашылық та бар.

Бұл тақырыпта сөз қозғау – ұлттық тарихи жадыны жаңғыртудың тиімді жолы, сондай-ақ посткеңестік контексте кеңестік комплекстерден ада, сыни ойлаудың сан түрлі мектебі мен бағытында пікірталасқа түсе алатын, еркін ойлы ұрпақ қалыптастыруда да құнды болып табылады. Деколониялық әдістің басты мақсаты – ұлттық болмысты отарлық дискурстардан арылту, мәтінді ұлттық таным, ұлттық бірегейлік тұрғысынан қайта оқып шығу. Өйткені кеңестік жүйе, отарлық билік әдебиетті өзінің идеологиялық құралына айналдырды. Социалистік реализмде дәстүрлі мәдениет пен діни құндылықтарды ығыстыру, социалистік құндылықтарды дәріптеу негізгі талап болды. Сондықтан кеңестік кезеңде жазылған шығармаларды талдағанда алдымен олардың әлеуметтік прогрессивті мазмұнына(әйел теңдігі, сауаттылық) назар аудара отырып, екінші жағынан сол идеялардың ұлттық мәдениеттен тыс, отарлық саясат ықпалымен жазылғанын ескеру керек. Деколониялық талдау осы қарама-қайшылықты ашып көрсетеді.

Зерттеу материалы мен әдістері

Біз бұл мақаланың зерттеу материалы ретінде XX ғасыр басындағы, кеңес дәуіріндегі қазақ әйелінің болмысын, жай-күйін көрсететін Б.Майлиннің «Раушан-коммунист», Ғ.Мүсреповтің «Айгүл қойшының бір күні» т.б. шығармаларды қарастырдық. Себебі бұл шығармаларда сол кезеңдегі қазақ қоғамындағы әлеуметтік өзгерістер, әйел мәселесі кеңестік идеология тұрғысынан бейнеленгенімен, оны қазіргі заман тұрғысынан қайта оқығанда ұлттық мәдениеттің, менталитеттің отарлық қысымға түскенін байқауға болады. Сондықтан да бұл зерттеуде деколонизация мен гендер мәселесі тоғыстырылып, кеңес одағының әйелдерге қатысты отарлық мұрасының әдебиеттегі көрінісі бүгінгі көзқарас тұрғысынан қарастырылады. Мақаланың мақсаты – бұл шығармалардағы кеңестік дискурстың үстемдігін, «езілген, көмекке мұқтаж» қазақ әйелінің «азат» болып, мәдени ассимиляцияға, экономикалық қанауға (нәтижесіндегі ашаршылық), интерсекционалдылыққа ұшырағаннан кейінгі болмысының трансформациясын көрсету. Бұл құбылыстың қалай пайда болғанын және жүзеге асқанын түсіну.

Қолданылатын әдіснамалық негіз – деколониялық феминистік теория мен дискурстық талдау. Бұл арқылы мәтіндегі отарлық үстемдіктің көрінісі айқындалып, аталған шығармалардың ұлттық санаға ықпалы да жаңа қырынан ашылады. Әйелдердің отарлық және патриархалдық жүйедегі қосарланған бағыныштылығы талданады. Сондай-ақ

қазақ қоғамындағы әйел мәселесіндегі өзгерістер мен оның тарихи дамуын зерттеуге мүмкіндік беретін тарихи-генетикалық, әр кезеңде жазылған көркем мәтіндерді талдау-жинақтау, салыстыру әдістері қолданылады. Әртүрлі мәдениеттер отаршылдыққа әртүрлі қарсылық танытқандықтан, деколониялық зерттеулерге бірыңғай әдіс ұсыну мүмкін емес екендігіне де тоқтала кету қажет.

Әрине, деколониялық әдіснаманың бұдан басқа да толып жатқан зерттеу нысандары бар. Қалған мәселелердің барлығы осы негізгі бағыттар төңірегінде қарастырылады.

Әдебиеттерге шолу

Көрсетілген мәселелерді талдау барысында деколониялық, гендерлік, феминистік зерттеулерге, сондай-ақ деколониялық феминизмді қарастырған заманауи академиялық еңбектерге сүйендік. Олардың қатарына Э.Саид, Х.Бхабха, Г.Спивак, Ю.Градскова, М.Тлостанова, А.Мұстояпова, А.Бейсенова, А.Ісімақова тағы басқа ғалымдардың еңбектері кіреді.

Постотарлық зерттеулер (Ф.Фанон, Э.Саид, Х.Бхабха, Г.Спивак) Батыс отарлауының Шығысқа ықпалын, ориентализм дискурсын, мәдени үстемдік пен гегемонияны талдауға бағытталған. Ал деколониялық зерттеулер (В.Миньоло, А.Кихано, М.Тлостанова) бұрынғы отарлық тәжірибенің қазіргі кезеңдегі жалғасын көрсетіп, санадағы отарлау қалдықтарын жоюды көздейді. Яғни постотарлық талдау отаршылдықтың салдарын ашуға бағытталса, деколониялық талдау бұрынғы отарлық жүйенің ықпалын жоюға, мәтінді ұлттық таным тұрғысынан қайта оқуға ден қояды. Бұл туралы осы бағытта зерттеулер жазып жүрген ғалым М.Тлостанова: «Постотарлық зерттеулер жалпылама болуымен емес, эмпиризмді мықты келетін әдеби сын, белгілі бір жердің тарихын тарихи мәнінде талдай алуымен күшті саналады. Менің ойымша бейотар түсініктермен неғұрлым жалпы деңгейде (соның ішінде сыртқы және ішкі имериялық айырмашылық, болмыс, білім және түйсіктің геосаясаты, эпистемологиялық және аффективті отарлау), ал постотарлық құралдармен (еліктегіштік, орталыққа жауап беру, канондық контр-дискурс) – қолданбалы және сипаттамалық деңгейде жұмыс істеген дұрыс. Екі үлгі бірінбірі толықтырады», – деп жазады (Tlostanova, 2018). Бұл тұжырымдағы деколониялық терминінің қазақ тілінде бейотарлық деп аударылғанын және қазіргі уақытта бұл терминдер аудармасы әлі де таразылауды қажет ететініне тоқтала кеткеніміз жөн.

Нәтижелер мен талқылау

Кеңес мемлекеті құрылған сәттен бастап «ұлттық мәселені» және әйелдер мәселесін шешу керектігін күн тәртібіне қойды. Әйелдерді азат ету мақсатында арнайы ұйымдар – әйелдер бөлімдері, әйелдердің еңбек және тұрмыс жағдайын жақсарту жөніндегі комиссиялар құрылды. Олар әйелдерді жаңа елді құру ісіне жұмылдыруға бағытталды. Сонымен қатар билік «ғасырлар бойы құлдықта болып келген Шығыс әйелі Кеңес үкіметінің арқасында ғана толыққанды кеңес азаматына айналды, Қазан төңкерісі шығыс әйелі үшін жаңа өмірдің бастауы болды» деген көзқарасты насихаттады. Шығыс әйелін «азат ету» міндеті империялық билік жүргізу логикасымен үйлесім тапты. Өйткені жоғарыда аталған комиссиялар орталық үкімет тарапынан құрылды, әйелдерге қатысты барлық шешімдер орталықтандырылған түрде қабылданды.

Сондықтан аталған комиссиялар қызметі екі түрлі сипатта болды. Бір жағынан отаршыл үстемдікті нығайтса, екінші жағынан жергілікті бастамаларды ояту, әйелдерді азат етуге бағытталды. Алайда бұл жобада әйелдер тек реформалар жүргізілетін объект ретінде қарастырылды. Осыдан келіп «Шығыс әйелі» деген жігерсіз, дәрменсіз, билік не істесе де келісетін бейне пайда болды. Ол кеңестік кезеңнің алғашқы онжылдықтарына тән барлық стереотиптерді бойына сіңірген. Мәдени метрополия қазақ әйелін отарлық «өзге» ретінде экзотикалауды жалғастырды. Осы ретте ориенталист Э.Саидтың: «Батыс пен Шығыс арасындағы «онтологиялық және эпистемологиялық айырмашылық» туралы тұжырым – Шығысты отарлау мен оған бағындырудың кең таралған мәселелерінің бірі» деген пікірі ойға оралады (Said, 1979). Отарлаушылардың «өзгені жатсыну» тәжірибесі туралы Х.Бхаба (Bhabha, 2004) да: «Кейбір жағдайларда «өзге» табиғи сұлулыққа ие деп саналып, «экзотикалық бөтен» (exotic other) ретінде қабылданады», – деп жазады. Азия дәстүрін еуропалық модерндікпен қарама-қарсы қою мәселесі, «Шығыс әйелі» (ішінде Қазақстан да бар) туралы сипаттамалар ресейлік ориенталистік дискурста да отарлық кезең басталғаннан бері бар.

«Орта Азия мен Қазақстандағы әйелдер орталық Ресейдегі әйелдерге қарағанда көбірек езгіге ұшырады, өйткені мұнда таптық және отбасылық тұрмыстық езгіге қоса, ұлттық езгі де қосылды» деп есептелді (Татыбекова, 1975). Осы тұста Орыс Географиялық қоғамының Түркістан бөлімінің мүшесі болып, 1917 жылы Түркістанда Уақытша өкіметтің өкілі ретінде қызмет атқарған Орест Шкапскийдің (1865-1918) еңбегіндегі мына пікірді де келтіре кетейік. Шкапский өзінің танымал еңбегі – «Орта Азия көшпенділеріндегі әйелдің жағдайы» атты зерттеуінде (Шкапский, 1896). Ресей билігін «қырғыз (қазіргі қазақ) әйелін қорғауға шығуға» шақырады. Ол аталған еңбегінде: «Өз мәдениетімізді Орта Азия халықтарының мәдениетінен жоғары деп есептей отырып, біз одан төмен тұрғандарға оны дарытуға ұмтылуға міндеттіміз. Қырғыз әйелін қорғау міндеті – бұл біздің Орта Азиядағы мәртебемізге байланысты, өйткені біз бұл жерде уақытша қонақтар емес, тұрақты иелеріміз», – деп жазады. Әйелдердің құқықтарын қорғау қажеттігі сонымен қатар «иелік етуші» империялық императивтен де туындайды.

Осы ретте отаршыл жүйенің әйелдерге қатысты реформалары қалай жүзеге асты және бұл өзгерістер әйелдердің болмысына, жағдайына қалай ықпал етті деген сұрақтар туындайды. Бұл сұрақтарға жауап іздеу барысында «Бұрынғы империяның басқа аймақтарындағы «әйелдерді азат ету» мәселесіне арналған зерттеулердің аздығы ерекше көзге түседі» (Градскова, 2013). Кеңестік саясаттың отарлау жүйесі гендерлік, феминистік мәселелер тұрғысынан өте аз қарастырылған. Постотарлық зерттеулердегі КСРО-ға деген қызығушылықтың болмауы кеңестік мемлекеттік саясаттың ішкі қайшылықтарымен де байланысты. Кеңестік саясат құрамына кірген ұлттарды «мәдениеттендіру» мен ағартушылық шараларынан бастап, бұрынғы институттарды жою, тұтас халықтарды қоныс аудару сияқты әртүрлі әрекеттерді қамтыды.

«Кеңес Одағы империяға ұқсас болды, өйткені ол географиялық тұрғыдан кең аумақта саяси үстемдік жүргізіп, этникалық тұрғыдан әртүрлі халықтарға орталығы Мәскеуде орналасқан иерархиялық басқару құрылымын таңды. Алайда, бұл мемлекет көп жағынан басқа еуропалық империяларға ұқсамады: оның ең маңызды айырмашылығы – периферияны модернизациялау мен саяси мобилизацияға бағытталуы» (Adams, 2008).

Кеңес Одағының империя ретіндегі, отарлау ерекшеліктері жайлы тағы бір пікір келтіре кетейік. «КСРО кеңестік және ертекеңестік ғылымда патша империясында, яғни

«халықтар түрмесінде» азап шеккен ұлттық жырақ аймақтарда өмір сүрген бұрынғы тұрғындарды азат етуші постотар федерация ретінде көрінді. Кеңестік насихаттың ең сүйікті риторикалық тәсілдерінің бірі өзін Ресей империясына қарсы қою болатын. Десе де, олардың сабақтастығы мен тығыз байланысы қатаң түрде жасырылды. Соның ішінде кеңес билігінің алғашқы жылдарында жедел қайта отарлау формаларында көрініс тапты» (Sahni, 1997). Расында да сырттай КСРО мультимәдениеттің «театрланған» нұсқаларын қолдаған сияқты көрінгенімен, оның артында нәсілшілдік, ориентализм, құрылымдық теңсіздік сияқты отаршылдықтың белгілері жасырын жатты.

Осы ретте кеңес өкіметінің гендерлік теңсіздікті отарлық биліктің тірегі ретінде пайдаланып, оны үстемдікті жүзеге асырудың құралына айналдырды деп айтуымызға болады. Гендерлік тәртіпке байланысты күрес отарлық тәжірибені айқындады: кеңестік саясат шеңберінде «азат ету» түрінде, ал оған қарсылық дәстүрлі тәртіпті қорғау түрінде көрініс тапты. Бұл үрдіс ұлтты азат ету мен әйелді бостандыққа шығару идеяларымен астасып жатты. Нәтижесінде гендер мен ұлт арасында жасанды байланыс қалыптастырылды.

Әйелдердің «құқығының жоқтығы» және оларды құтқару қажеттігі туралы дискурс бірден қалыптаса қойған жоқ, ол аумақ пен ресурстарға отарлық қысымның күшеюімен, сондай-ақ Ресейдің еуропалық бөлігінен келуші қоныстанушылар ағынымен қатар өсті.

XIX ғасырдың соңында және әсіресе XX ғасырдың басында отарлық шенеуніктер, әсіресе Қоныс аудару басқармасының шенеуніктері қазақтардың көшпенді өмір салтын мәселе қылып қана қоймай, мұндай өмір салтында әйелдердің құқығының шектеулі екендігіне ерекше назар аударады. Осылайша «Шығыс әйелі» деген таптаурын түсініктердің қалыптасуында мынадай себеп-салдарлық тізбекті байқауға болады: қоныстанушылар ағыны күшейеді – отарлық қақтығыс шиеленіседі – өркениеттік миссия күшейеді және айқындалады – қазақтарды отырықшыландыру/аккультурациялау мақсатына бағытталған әрекеттер басталады, ал ол өз кезегінде әйелдердің жағдайын жақсартуға бағытталған идеяларды қамтиды.

Орталық Азияда, оның ішінде Қазақстанда «азат ету» үш бағытта жүрді: қалыңмалды жою, паранжамен күрес, көп әйел алушылыққа тиым. Яғни әйелді азат ету саясаты көбіне дәстүрмен күреске айналды.

Бұл мәселеге Алаш зиялылары да үн қосты. Олар бір жағынан қалыңмалды әшкерелеуші ретінде көзге түсті, екінші жағынан идеологияға сай кейіпкерлер сомдауға мәжбүр болды. Өйткені, Кеңес одағына кіретін мемлекет жазушыларының барлығына билік жүргізіп отырған үстем жұрт бағыт-бағдар беріп, социалистік реализмнен ауытқып кетпеуін қадағалап отырды. Кеңестік билік әйел теңдігі мәселесін ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып емес, өз идеологиясына сәйкес шешуге тырысты.

Осы кезеңдегі әдебиеттің маңызды көркемдік әрі идеологиялық міндеттерінің бірі – жаңа қоғамдық формацияның аясында социалистік құрылысқа белсене араласқан күрескер әйел бейнесін қалыптастыру болды. Бұл бағытта Б.Майлиннің «Раушан – коммунист» (1923), «Күлтай болыс» (1925), С.Мұқановтың «Ботагөз» (1948) шығармаларындағы кейіпкерлер социалистік идеологияның талаптарына сай білім алып, қоғамдық-әлеуметтік өмірге белсенді түрде араласқан, тек жеке басының ғана емес, таптық мүддені де көздейтін прогрессивті әйелдер ретінде суреттеледі.

Жалпы алғанда, аталған кезең қаламгерлерінің шығармашылығына тән ортақ тенденция – қоғамдық әділетсіздікке қарсы тұра алатын, ерік-жігері мықты, саяси сауатты, жаңа қоғамның өкілі ретінде белсенді әйел кейіпкерлердің көркем бейнесін жасау болды. Бұл образдар кеңестік дәуірдегі идеологиялық тапсырыспен қатар, дәуірлік өзгерістердің көркем әдебиеттегі шынайы көрінісі ретінде де бағаланады. Бүгінгі деколониялық көзқарас тұрғысынан бұл шығармаларға түрлі баға беруге болады.

Осы орайда Бейімбет Майлин де «Раушан – коммунисті» тегін жазған жоқ. «Раушан – коммунист» партияның әйелдерге қатысты саясатының көркем бейнесі іспетті немесе кеңестік модернизацияның әдеби көрінісі деп қарастыруға болады. Раушанның коммунист атануы – жаңа қоғамдағы әйелдің рөлін көрсетуге бағытталса, оның ауылдағы дәстүрлі ортаның қарсылығына тап болуы – кеңестік биліктің қазақ қоғамындағы мәдени отарлау тәжірибесін айқын аңғартады. Бұл жайт шығарманың деколониялық тұрғыда талдануына алғышарт іспетті. Осы орайда шығарманы әйел теңдігі туралы ғана емес, сонымен бірге ұлттық мәдениеттің кеңестік идеология ықпалымен қалай трансформацияланғанын көрсететін әдеби дерек деп атауымызға болады. Шығармадағы қазақ ауылының тұрмысы бейнеленген эпизодтар ұлттық мәдениетті сақтау емес, қайта оны өзгерту идеологиясына бағытталған. Дәстүрлі қазақы өмір салты ығыстырылып, жаңа коммунистік үлгі ұсынылады. Осылайша мәтінде ұлттық мәдениеттің кеңестік модернизация арқылы трансформациялану үдерісі бейнеленеді.

Шығармада Б.Майлин Раушанның кеңес өкіметінің арқасында білім алып бақытқа жеткенін сипаттайды. Негізгі оқиға Раушан мен Бәкен арасында өтеді. Кеңес өкіметі орнаған соң ел ішіндегі әйелдерді өкімет ісіне тарту жайы қолға алынады. Еркек пен әйел арасында теңдікке байланысты түрлі жиындар өтеді. Сондай жиындардың бірінде Раушан көзге түсіп, ауылнай болып шыға келеді. Ауылнай болған соң мөр Раушан қолында. Ауылдың еркектері кейбір жалған құжаттарға Бәкен арқылы мөр бастырып алмақшы болады... Раушанның қызметін көре алмаған ауылдағы ерлер қауымы оған айтқанын істеткісі келеді, өз күйеуін өзіне айдап салады. Осындай жағдайлардан соң Бәкен мен Раушан арасында ұрыс-керіс басталып, Бәкен үйден кетіп тынады. Бұндай тартыс, ерегес Раушанды шыңдайды. Раушан оқуға аттанып, орнына Бәкен ауылнай болады. Алайда ауылдастары оны да былыққа батырып, Бәкен абақтыға жөнелтіледі. Шығарма соңында Бәкен қателігін түсініп, оқудан қайтып келе жатқан Раушанмен кездеседі. 1918-1919 жылдар аралығында Алаш идеясын қолдаған оқыған азаматтың шығарманы бұлай жазуына себеп болған да жоғарыда тоқталып кеткен идеологияның қысымы деп есептеуге болады.

Шығармадағы дәстүрлі кейіпкерлер Раушанға қарсы әрекет етеді. Алайда олардың қарсылығы жеңіліс табады. Бұл көркемдік шешім кеңестік биліктің дискурсын заңдастырып, жаңа қоғамның жеңісін алдын-ала айқындайды. Дәстүрлі мәдениет кедергі ретінде бейнеленіп, олардың орнын социалистік құндылықтар басады.

Шығармадағы коммунист, партия, жаңа тұрмыс тағы басқа кеңестік билік ұғымдары әлеуметтік дамудың символы ретінде көрінеді. Ал дәстүрлі орта өкілдері – артта қалған, ескі санадағы адамдар ретінде сипатталады. Бұл жағдай мәтінде кеңестік идеологияның мәдени үстемдігін айқындап, қазақ қоғамының дәстүрлі құндылықтарын кемсіту арқылы «жаңа қоғамның артықшылығын» көрсетуге бағытталған. Мұндай тілдік идеологиялық белгілер кеңестік отарлық дискурстың көрінісі болып табылады.

«Раушан-коммунист» коммунистік режимді көрсетуге арналған көркем туынды ғана емес. «Оның астарына тереңдей үңіле білген оқырман жазушының жасырын емеурінен бай-қай алады. Мұнда қазақ әйелінің ер-кін-дікке ұмтылуы, өз абыройы мен беделін қорғау жолындағы талпынысы, қысқасы, қоғамдағы әйел адамдардың да өз орны бар екенін ашық та айқын суреттеген. Раушанның тұлғалық болмысы ұлттық дәстүр шеңберінде емес, кеңестік идеология аясында анықталады» (Сырова, 2019). Қазақ әйелінің азаттығы ұлттық мәдениеттен туындамай, сырттан таңылған саясаттың бір бөлігі ретінде көрінеді. Бұл кейіпкердің өзіндік болмысын отарлық жүйе қалыптастырғанын білдіреді.

Бұл тұста тағы бір жайтқа назар аударғымыз келеді. Шығармаға Кеңес өкіметі насихаттаған «әйел теңдігі» арқау болғанымен, Б.Майлин ең алдымен Раушанды емес, ауылдың надан еркектерін сынағандығын да айта кетуіміз керек. Сондай-ақ жазушы тағы да өз кезеңіндегі асыра сілтеу, кісіге жасалған қиянат, артық мінезді алдыңа тартады. Бұл шығарма туралы қазақ әдебиетінде аз жазылған жоқ. Алайда әлі де талдап, таразылайтын тұстары жетерлік.

Осы кезеңдегі ұлтымыздың тарихындағы отарлық биліктің қолдан ұйымдастырған нәубеті – ашаршылық жылдары туралы айтпай өтуге болмас. «Бұл ашаршылық егіннің нашар болуынан емес, «соғыс коммунизмі» саясатының, азық-түлікке салған қысымның салдарларынан туындады. 1920 жылдардың басында Қазақстандағы аштықтан зардап шеккендер саны 2,3 миллион адамды құрады және 1 миллионға жуық адам аштық пен аурудан қайтыс болды» (Мұстояпова, 2022).

Осы тұста бұл ашаршылықтың тұтас халықтың, әйелдің психологиясына, өзін-өзі бағалауына ұзақ уақытқа әсер етпей қоймасы анық. Ұлтқа әсер еткен ашаршылықтың салдары туралы А.Мұстояпова: «... – дәстүрлі өмір салтының күйреуі, дәстүрлі құндылықтардың құнсыздануы, халықтың бостандық сүйгіш рухын және қарсыласуға деген қабілетін басу, өзін-өзі төмендете бағалау, тәуелділікке бейім болуға» әкелгенін жазады (Мұстояпова, 2022). Болмысының осындай өзгеріске ұшыраған халықты отарлау жеңіл болады. А. Мұстояпованың жоғарыдағы пікіріне сүйене отырып, қазақ әйелінің бойындағы отаршылдық қасиеттердің қалыптасуы туралы ой қозғауға болады. Отаршылдықтың отарланған халықтың санасына қалай енетініне, олардың бойында өзін-өзі төмен санау комплексі қалай қалыптасатынына талдау жасауға болады.

Еңбек бақылауы биліктің отаршылдығының тағы бір көрінісі болып табылады. Кеңес Одағының индустрияландыру мен ұжымдастыруға негізделген экономикалық даму жоспарлары болды. Халық жаңа еңбек салалары мен өндірістік тәжірибелерге барынша тартылуы керек еді. Әрбір өңір белгілі бір салаға мамандандырылуы тиіс болды. Бұл туралы қазақ ғалымдары тоталитарлық режимнің қазақ халқын айлакерлікпен техника мен құрал-жабдықтардан алшақ ұстағанын жазады. «Бізді техникадан, ғарыштан, құрылысшы мамандықтарынан шығарды, дипломатиядан аулақ ұстады. Орыстандыру қарқынды жүріп жатса да, саясаткерлер де, статистер де, әскери мамандар да даярланған жоқ. Біздің жер де біздің адамдар да бір рөлді атқаруы керек еді: отаршыл Ресейдің, тоталитарлық режимнің шикізат көзі болып қалу... Тоталитарлық режимнің сөзсіз орындалуын талап ететін тұрақты ұраны: «Қазақ жастары – шопандар!» (Мұстояпова, 2022). Бұл жоба өз кезегінде әйелдерді де еңбек ресурсы ретінде пайдалануға негіздеді. Әйелдерді экономикалық мобилизациялау тек экономикалық эмансипациямен ғана

емес, сонымен қатар елге жұмыс күші қажет болғанымен де байланысты болды, ал әйелдер осы қажеттілікті қамтамасыз ететін ресурс ретінде қарастырылды. Жұмыс күші тапшылығы байқалған салалар әйелдердің еңбек мобилизациясының негізгі бағыттарын анықтады.

Бұл әсіресе ауыл шаруашылығы басым болған аймақтарда және көшпелі өмір салты сақталған жерлерде үлкен қиындықтар туғызды. Аталған жайттардың барлығы қазақ әдебиетіндегі көркем шығармаларда да көрінісін тапты. Мысалы, қазақ әдебиетінде 1964 жылы жазылған Ғабит Мүсреповтің «Айгүл қойшының бір күні» деген әңгімесі бар. Әңгіменің басты кейіпкері – Айгүл есімді еңбекқор әйел. Жиырма жыл қойшы болған Айгүл дала үнсіздігінің мәнін жазбай танитын күйге жеткен. Шығармадағы оқиғалар ризоматикалық құрылымда дамиды. Өткенге оралу арқылы соғыс жылдары тұңғышынан айырылған Айгүлдің өткені бейнеленеді. Жаңа туған қозыларды қолына алғанда баласынан айырылғаны есіне түсіп, жүрегі ауырады. Мал шаруашылығымен айналысатын адамдар үшін әр кезде қиындықтар туындап тұрады. Бұл шығармада да адамзаттың табиғат алдындағы әлсіздігі көрініс тапқан. Айгүл қойшы осы қиындықтардың бәріне төтеп беріп, болашақтағы мәселелерді де көре біледі. Шығармадағы назар аударатын ең басты ерекшелік – оның билік тарапынан жоғары марапатқа ұсынылуы. Айгүл шопанның жұмысын атқарғанымен, коммунист болған соң КСРО Жоғарғы Кеңесі депутаты болып сайланған. Қойшы қыз шопандықпен қатар, депутаттық міндеттерін де ұмытпайды. Осы тұстағы көп шығармаларда қазақ әйелі қойшы, сауыншы, тракторшы мамандығында көрінеді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда кеңестік кезеңдегі қазақ көркем әдебиетінде әйел бейнесі көбіне біртекті сипатта, идеологиялық талаптарға сай қалыптасты. Бұл дәуірдегі әдеби кейіпкерлер коммунистік идеяны толық қабылдаған, әлеуметтік және рухани тұрғыдан жетілу жолына түскен, типтік «жаңа адам» бейнесін сомдады. Мұндай үлгідегі репрезентациялар кеңестік гендерлік саясаттың шеңберінен туындады. Аталған саясаттың басты мақсаты – әйелдерді қоғамдық-саяси кеңістікке тарту, оларды белсенді әлеуметтік агент ретінде қалыптастыру болатын.

Зерттеу нәтижесінде деколониялық теория үшін маңызды деп саналатын төмендегідей тұжырымдар жасауға болады:

- отарлаушылар тек аумақтарды басып алып қана қоймай, мәдени отарлау арқылы жергілікті мәдениеттің салт-дәстүрлері мен сенімдерін өз құндылықтарымен, басқару жүйесімен, заңдарымен ауыстырады;

- деколониялық теорияда әйел бейнесі отарлық дискурстың ең күрделі нысандарының бірі ретінде қарастырылады, сондықтан қазақ әдебиетіндегі деколонизацияны гендерлік талдауларсыз толық түсіну мүмкін емес;

- коммунистік партияның қатаң идеологиялық бақылауы қазақ әйелінің еркін әрекет ету мүмкіндігін шектеді. Кеңестік жүйе мен дәстүрлі қоғам арасындағы қайшылық қазақ әйелінің әлеуметтік бейнесінде көрініс тапты. Әйел тұлғасы екі идеологияның – дәстүрлі ұлттық дүниетаным мен социалистік құрылымның – арасында қалып қойды;

- отарлық билік әйелді әлсіздік пен «экзотикалық өзгешеліктің» символы етіп көрсетті, бұл халықты қамқорлыққа мұқтаж етіп бейнелеудің бір тәсілі болды;
- қарастырылған тарихи-әлеуметтік жағдайлар қазақ әйелінің әдебиеттегі де, өмірдегі де бейнесін қайта қалыптастыруға негіз болды. Бұл өзгерістерге ең алдымен кеңестік отарлық саясаттың мәдени, тілдік, экономикалық ықпалы себеп болды;
- дәстүрлі репрезентациядан шығып, әйел бейнесін тұлғалық, әлеуметтік, интеллектуалдық деңгейде тану – қазақ әдебиетіндегі отарсыздану стратегиясының жаңа бағыты болып табылады.

Әдебиет пен шынайы өмірде қазақ әйелінің бейнесін сипаттауда оның мынадай қасиеттері алға шығады: ұлттық дәстүрге адалдық, тәрбиелілік, білім мен кәсіби құзыреттілікке ұмтылыс, қоғамдық өмірге белсенді араласу. Бүгінгі қазақ қызы – төл мәдениеті мен жаһандық құндылықтарды қатар меңгерген, жаңа заманның талаптарына бейімделген әлеуметтік тұлға. Бұл бейне – тарихи эволюция мен идеологиялық трансформациялардың нәтижесі ретінде қалыптасты.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала «NU Faculty-development competitive research grants program 2025-2027 IDs Funder Project Reference: 040225FD4711» жобасы аясында жазылды.

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Әдебиеттер тізімі

Әлісжан, С. . (2025). Термин қалыптастырудағы деколониялық ұстаным. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы, 150(1), 35–45. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-150-1-35-45>

Градскова, Е. (2013). Свобода как принуждение? Советское наступление на «закрепощение женщины» и наследие империи (середина 1920 — начало 1930-х гг., Волго-Уральский регион) // Ab Imperio. Vol. 4.

Мұстояпова, А. (2022). Бұғауды бұзған қазақ даласы. Алматы: AmalBooks.

Сырова, Н. (2019, қазан 8) Бейімбеттің биігі. Қазақ әдебиеті. <https://qazaqadebieti.kz/22049/bejimbetti-biigi>

Татыбекова, Ж. (1975). Великий Октябрь и женщины Киргизстана. Фрунзе: Кыргызстан.

Шкапский, О. (1896). Положение женщины у кочевников Средней Азии. Среднеазиатский вестник, 6, 1-19; 7, 34-53

Adams, L. (2008). Can We Apply a Postcolonial Theory to Central Asia? // Central Eurasia Studies Review. Vol. 7. No. 1.

Bhabha, H. (2004). The Location of Culture. London, New York: Routledge Classics.

Sahni, K. (1997). Crucifying the Orient. Russian Orientalism and the Colonization of the Caucasus and Central Asia. Oslo White Orchid Press.

Said, E.W. (1979). Orientalism. Vintage Books Edition, New York.

Tlostanova, M. (2018). What Does It Mean To Be Post-Soviet? Decolonial Art from the Ruins of the Soviet Empire. Durham: Duke University Press.

Wiedlack, K. (2023). In/Visibility and the (post-soviet) 'queer closet.' Journal of Gender Studies, 32(8), 922–936. <https://doi.org/10.1080/09589236.2023.2214886>

Е.С. Адаева

Назарбаев Университет, Астана, Казахстан

Деколониальный дискурс и гендерная репрезентация

Аннотация. В статье рассматривается проблема соотношения деколониального дискурса и гендерной репрезентации в казахской литературе. Подчеркивается необходимость включения гендерного измерения в анализ процессов деколонизации, что обусловлено его значимостью для осмысления категории свободы, индивидуализации и социальной справедливости. Цель исследования состоит в выявлении специфики трансформации женского образа в казахской литературе в контексте деколониальной методологии, гендерного анализа и феминистской критики. Отмечается, что в советский период гендерный компонент использовался в качестве инструмента поддержания и легитимации колониального господства. Рассмотрение женского образа с позиций деколониального феминизма позволяет уточнить его функции в историческом, социальном и культурном контекстах, определить особенности репрезентации казахской женщины в колониальный и постколониальный периоды, а также зафиксировать влияние гендерной политики советской власти.

Актуализируется вопрос локальной специфики, что дает возможность проследить пересечение патриархальных и колониальных практик, их воздействие на социальный статус и идентичность женщины. Сделан вывод о том, что исследование указанной проблематики способствует углубленному анализу вопросов гендерного равенства в современном обществе. Дополнительно подчеркивается, что деколониальный подход открывает перспективы для пересмотра устоявшихся интерпретаций женских образов в национальной литературе. Новизна исследования заключается в сочетании деколониальной методологии с феминистской критикой, что позволяет выявить новые исследовательские горизонты. Представленные результаты могут быть использованы как в гуманитарных науках, так и в прикладных исследованиях, связанных с социальной и культурной модернизацией.

Ключевые слова: казахская женщина, деколониальная методология, постколониализм, феминизм, гендерное равенство, советская власть, дискурс, освобождение.

Y.S. Adayeva

Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan

Decolonial discourse and gender representation

Abstract. This article explores the intersection of decolonial discourse and gender representation in Kazakh literature, emphasizing that a gender perspective is essential for understanding freedom, individuality, and social justice as cultural categories. The study aims to trace the transformation of the female image in Kazakh literature through decolonial methodology, gender analysis, and feminist critique. It shows that during the Soviet period, gender dimensions were strategically used to legitimize colonial domination. By engaging with decolonial feminism, the article reconsiders the functions of female images within historical, social, and cultural contexts, identifying distinctive features of their representation across colonial and postcolonial periods and underscoring the lasting effects of Soviet gender policies.

Attention to local particularities reveals how patriarchal and colonial practices intersect, shaping women's status and identity. The findings suggest that integrating decolonial and feminist approaches deepens our understanding of gender equality in contemporary society and allows for critical reevaluation of established literary interpretations of female figures. The originality of the study lies in its synthesis of decolonial methodology and feminist critique, offering new avenues for scholarly inquiry. The results are relevant not only for literary studies but also for broader research on social and cultural modernization.

Keywords: Kazakh woman, decolonial methodology, postcolonialism, feminism, gender equality, Soviet power, discourse, liberation.

References

- Aliszhan C. (2025). Decolonial position in the formation of the term. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series, 150(1), 35–45. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-150-1-35-45> (in Kazakh)
- Gradska, E. (2013). Svoboda kak prinuzhdenie? Sovetskoe nastuplenie na «zakreposhchenie zhenshchiny» i nasledie imperii (seredina 1920 — nachalo 1930-h gg., Volgo-Uralskii region) [Freedom as coercion? The Soviet offensive on the “enslavement of women” and the legacy of empire (mid-1920s – early 1930s, Volga-Ural region)]. Ab Imperio, 2013(4). (in Russian)
- Mustoiapova, A. (2022). Bugaudy buzgan kazak dalasy [The Kazakh steppe that broke the shackles]. Almaty: AmalBooks. (in Kazakh)
- Syrova, N. (2019, October 8). Beimbettin biigi [Beimbet's height]. Kazak adebieti. <https://qazaqadebieti.kz/22049/bejimbetti-biigi> (in Kazakh)
- Tatybekova, Zh. (1975). Velikii Oktiabr i zhenshchiny Kirgizstana [The Great October and the women of Kyrgyzstan]. Frunze: Kirgizstan. (in Russian)
- Shkapsky, O. (1896). Polozhenie zhenshchin u kochevnikov Srednei Azii [The position of women among the nomads of Central Asia]. Sredneaziatskii vestnik [Central Asian Bulletin], 6, 1-19; 7, 34-53 (in Russian).
- Adams, L. (2008). Can We Apply a Postcolonial Theory to Central Asia? // Central Eurasia Studies Review. Vol. 7. No. 1.
- Bhabha, H. (2004). The Location of Culture. London, New York: Routledge Classics.
- Sahni, K. (1997). Crucifying the Orient. Russian Orientalism and the Colonization of the Caucasus and Central Asia. Oslo White Orchid Press.
- Said, E.W. (1979). Orientalism. Vintage Books Edition, New York.
- Tlostanova, M. (2018). What Does It Mean To Be Post-Soviet? Decolonial Art from the Ruins of the Soviet Empire. Durham: Duke University Press.
- Wiedlack, K. (2023). In/Visibility and the (post-soviet) 'queer closet.' Journal of Gender Studies, 32(8), 922–936. <https://doi.org/10.1080/09589236.2023.2214886>

Автор туралы мәлімет:

Адаева Ермек Сабырбаевна – филология ғылымдарының кандидаты, оқытушы, Назарбаев Университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: yermek.adayeva@nu.edu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9044-6182>

Адаева Ермек Сабырбаевна – кандидат филологических наук, преподаватель, Назарбаев Университет, Астана, Казахстан. E-mail: yermek.adayeva@nu.edu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9044-6182>

Adayeva Yermek Sabyrbayevna – Candidate of Philology, Instructor, Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan, E-mail: yermek.adayeva@nu.edu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9044-6182>



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).